

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» демократиялық
партиясының фракция
депутаттарына**

2021 жылғы 22 қыркүйектегі № ДС-273

Құрметті депутаттар!

Жолаушыларды автобуспен тасымалдауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта 2400 тұрақты облысшілік автобус маршруттарында 867 тасымалдаушы жұмыс істейді. Өңірлерде әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарының саны 1338 құрайды, оларды 335 тасымалдаушылар қызмет көрсетеді.

Әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарын субсидиялау қағидаларына (*ҚР Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығы*) сәйкес субсидия алу үшін тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдарына Тарифтер есептеу әдістемесіне (*ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығы*) сәйкес әзірленген есептерді ұсынуы қажет.

Тарифтік комиссия жұмысының нәтижелері бойынша есептердің дұрыстығы айқындалған жағдайда тасымалдаушы қызмет көрсететін маршрут әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесіне енгізіледі, ол бюджеттік өтінімді әзірлеуге және одан әрі субсидия бөлуге негіз болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдардың ақпаратына сәйкес 2018-2020 жылдары өңірлерде 1799 әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялауға 750 тасымалдаушыға шамамен 112,3 млрд. тг бөлінді, бұл ретте 403,3 млн. тг игерілмей қалды. 2020-2024 жылдарға өңірлерге шамамен 333 млрд. тг бөлу жоспарлануда.

Кейбір өңірлерде кәсіпкерлік субъектілері өздерінің қызығушылығының жоқ болу себебімен тасымалдаушылар қызмет көрсетпейтін әлеуметтік маңызы бар маршруттар бар екенін атап өткен жөн.

Өз кезегінде, әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесіне енгізілген маршруттарға қатысты заңнамалық міндеттемесі болып табылады.

Осыған байланысты, егер жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесіне енгізілген маршруттарды субсидиялауды жүзеге асырмаса және кәсіпкерлік субъектілерінің заңды құқықтарын бұзатын болса, онда олардың іс-әрекетіне (әрекетсіздігі) сот тәртібінде шағым жасауға болады.

Сонымен бірге ағымдағы жылғы 15 қыркүйекте менің төрағалығыммен өңірлерде автобус тасымалын дамыту мәселелері бойынша кеңес өткізілді, оған мүдделі мемлекеттік органдар, өңірлердің әкімдіктері, «Атамекен» ҰКП және салалық қауымдастықтар қатысты.

Аталған кеңес барысында жолаушылар тасымалдары саласының ағымдағы жағдайы талқыланды және ұсынылатын тасымалдаушыларды қолдау шаралары қаралды. Кеңес қорытындылары бойынша өңірлердің әкімдіктеріне әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарын субсидиялау мәселелерін ерекше бақылауға алу, сондай-ақ қауымдастықтар және тасымалдаушылармен бірге заңнамамен белгіленген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

Жалпы аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов